

Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін қалыптастыру, жинау, сақтау, пайдалану және беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2023 жылғы 31 наурыздағы № 130/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 сәуірде № 32233 болып тіркелді.

"Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 12) тармақшасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін қалыптастыру, жинау, сақтау, пайдалану және беру қағидалары бекітілсін.

2. Осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір бүйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Геодезия және картография комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, **инновациялар және**
аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. **Б. Мусин**

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және

дамыту агенттігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің м.а.
2023 жылғы 31 наурыздағы
№ 130/НҚ Бұйрықпен
бекітілген

Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін қалыптастыру, жинау, сақтау, пайдалану және беру қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін қалыптастыру, жинау, сақтау, пайдалану және беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 13-бабының 12-тармағына, "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес өзірленді және Ұлттық кеңістіктік деректер қоры (бұдан әрі – Қор) мәліметтерін қалыптастыру, жинау, сақтау, пайдалану және беру тәртібін айқындайды.

Геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт бекітілген немесе өзгерілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектілендіреді және Бірыңғай байланыс-орталығына, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жібереді.

2-тaraу. Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін қалыптастыру, жинау және сақтау тәртібі

2. Қордың мәліметтері геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған және жалпымемлекеттік, салааралық арнаулы және (немесе) салалық маңызы бар геодезиялық, картографиялық, топографиялық, гидрографиялық, аэроғарыштық түсірілім, гравиметриялық материалдар мен деректердің жиынтығын білдіреді.

Қор мәліметтерінің құрамына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша материалдар мен деректер енгізіледі.

3. Қордың мәліметтері қағаз жеткізгіштерде қалыптасады, жүйеленеді, есепке алынады, орналастырылады және осы мақсатқа арнайы бейімделген үй-жайларда (қоймаларда) жұмыс түрлері бойынша сақталады.

Қордың мәліметтерін орналастыру орны көрсетіле отырып, архивтер мен кеңістіктік деректерді сақтау және каталогтау үшін Қордың электрондық жүйесінде электрондық түрде сақталады.

Қордың геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерімен өзара іс-қимылды және мәліметтерді ұсыну географиялық ақпараттық жүйе арқылы және (немесе) қағаз түрінде жүзеге асырылады.

4. Қордың мәліметтері геодезиялық және картографиялық қызмет бағыттары бойынша олардың сақталу ауқымы мен мерзімдерін ескере отырып қалыптастырылады.

Қордың материалдары мен деректері Қор мәліметтерінің орналаскан жерін көрсете отырып, архивтер мен кеңістіктік деректерді сақтау және каталогтау үшін Қордың электрондық жүйесінде тіркеледі және сақталады.

Архивтер мен кеңістіктік деректерді сақтауға және каталогтауға арналған Қордың электрондық жүйесі Қордың барлық кеңістіктік мәліметтерін орталықтандырылған сақтауды қамтамасыз етеді.

5. Геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асыратын субъектілер өздері бюджет қаражаты есебінен жасаған материалдар мен деректер көшірмелерінің бір данасын Қазақстан Республикасының авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы заңнамасына сәйкес Қорға өтеусіз ұсынуға міндettі.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтері бар материалдар мен деректер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қорға беріледі.

6. Қордың графикалық, цифрлық, электрондық, фотосуреттік, қағаз және өзге де нысандар мен түрлердегі материалдары мен деректері орталықтандырылған мемлекеттік есепке алуға, сақтауға және пайдалануға жатады.

7. Материалдар мен деректерді Қордың құрамына жатқызу, материалдар мен деректерді сақтауға іріктеу, сондай-ақ сақтау мерзімдері өткендерін жою құжаттардың құндылығын мемлекеттік сараптау негізінде жүргізіледі.

3-тарау. Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін пайдалану және беру тәртібі

8. Қордың мәліметтері геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізу мақсатында мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды қамтамасыз ету үшін пайдаланады.

9. Мемлекеттік органдарға Қордың материалдары тегін беріледі.

10. "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар Қордың мәліметтерін геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган басшысының рұқсатымен беріледі.

"Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар мәліметтерді мемлекеттік органдарға, заңды және жеке тұлғаларға беру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысымен бекітілген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 14.07.2023 № 268/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-1. Қордың мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 мамырдағы № 743 қаулысымен бекітілген Бірлескен және басқа да жұмыстарды орындауға байланысты мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді беру қағидаларына (бұдан әрі – Мемлекеттік құпияларды беру қағидалары) сәйкес геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган басшысының рұқсатымен мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға байланысты жұмыстарға тапсырыс берушілер (бұдан әрі – тапсырыс беруші) болып табылатын мемлекеттік органға немесе ұйымға беріледі.

Тапсырыс беруші Мемлекеттік құпияларды беру қағидаларына сәйкес, мәліметтерге билік ететін мемлекеттік органның рұқсатымен және осы жұмыстарды орындау үшін қажетті көлемде ғана, бірлескен және басқа да жұмыстарды орындауына байланысты, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді заңды және жеке тұлғаларға береді. Бұл ретте тапсырыс беруші мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтер берілгенге дейін ұйымда тиісті құпиялыштық дәрежесіндегі мәліметтерді пайдалану арқылы жұмыстар жүргізуге арналған рұқсаттың, ал жеке тұлғаларда – тиісті рұқсаттың бар екеніне көз жеткізуге міндетті.

Ескерту. 10-1-тармақпен толықтырылды – КР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 14.07.2023 № 268/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Жоспарланып отырған жұмыс участкерінде жергілікті жерлердің геодезиялық және картографиялық жағынан зерделенгендігі туралы тиісті мәліметтер беру тәртібі

11. Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілеріне жоспарланып отырған жұмыс участкерінде жергілікті жерлердің геодезиялық және картографиялық жағынан зерделенгендігі туралы тиісті мәліметтерді беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтиды.

Қордың мәліметтерін ұсыну бойынша көрсетілетін қызметтердің бағасы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес есептеледі.

12. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар):

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Геодезия және картография комитетінің "Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) мыналарды:

1) "қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар материалдар мен геодезиялық деректерді алу үшін:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар материалдар мен геодезиялық деректерді алуға арналған қағаз нысандағы өтініш;

көрсетілетін қызметтерге ақы төленгені туралы төлем құжатын (түбіртек);

2) ашық пайдаланудағы материалдар мен геодезиялық деректерді алу үшін www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы:

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ашық пайдаланудағы материалдар мен геодезиялық деректерді алуға арналған электронды құжат нысанындағы өтініш;

мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге ақы төленгені туралы төлем құжатын (түбіртек) жібереді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 14.07.2023 № 268/НК (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

13. Көрсетілетін қызметті беруші өтініш түсken күні оны қабылдайды, тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің жұмыскеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері) орындауға жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді тіркеу не дара кәсіпкер ретінде қызметті бастағаны туралы мәліметтерді, төлемді растайтын құжаттарды (төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүргізілген жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ЭҮТШ арқылы алады.

14. Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы тапсырған кезде "жеке кабинетке" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны

туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жолданады.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері өтініш тіркелген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде:

1) "қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар және мемлекеттік құпияны құрайтын материалдар мен геодезиялық деректерді алу үшін жұмыстардың көлемін айқындайды және бір мезгілде көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері бір жұмыс күні ішінде қарауында жоспарланған жұмыстар участкеріндегі жергілікті жердің геодезиялық және картографиялық зерделенуі туралы көрсетілген мәліметтер бар мемлекеттік органға "қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар және мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді беруге сұрау салуды дайындауды және жібереді (бұдан әрі – мәліметтер).

Қарауында көрсетілген мәліметтер бар мемлекеттік орган сұрау салу келіп түсken сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге "қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар және мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді беру мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы оң не теріс жауап жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімдерде оң жауап берген кезде көрсетілетін қызметті алушыға төлем шотын жібереді не көрсетілген мерзімдерде теріс жауап берген кезде көрсетілетін қызметті алушыға мәліметтерді беруден дәлелді бас тартуды жібереді.

2) 15-тармақта көрсетілген мерзімдерде ашық пайдаланудағы материалдар мен геодезиялық деректерді алу үшін жұмыс көлемін айқындайды және шотты портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" төлеуге жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту жөніндегі алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымды білдіру үшін тындауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тындау туралы хабарлама алдын ала, бірақ мемлекеттік қызмет көрсетеу мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі. Тындау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тындау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші қарауында көрсетілген мәліметтер бар мемлекеттік органға көрсетілетін қызметті алушы сұратқан мәліметтерді алу үшін сұрау салу жібереді не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

Дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы жіберіледі.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Цифрлық даму, инновациялар және аэрофарыш өнеркәсібі министрінің 14.07.2023 № 268/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері бір жұмыс күні ішінде 15-тармақта көрсетілген мерзімдерде оң жауап берген кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін ақы төлеу қажеттігі туралы хабарламаны (бұдан әрі – хабарлама) жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

17. Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін төлем жасайды.

Төлем жасау қолма-қол немесе қолма-қол емес тәсілмен көрсетілетін қызметті берушінің есептік шотына екінші деңгейдегі банктер арқылы жүргізіледі.

Ашық пайдаланудағы материалдар мен геодезиялық деректерді алуға арналған, электронды құжат нысанындағы өтінішті портал арқылы жолдаған кезде, мемлекеттік қызметті көрсету үшін төлем төлем ЭҮТШ арқылы жүзеге асырылады.

18. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін төлем мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы төлем жүргізбеген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері бір жұмыс күні ішінде, көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолы қойылған мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес жолдайды.

19. Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген мерзімдерге төлем құжатын ұсынғаннан кейін көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері сегіз жұмыс күні ішінде мәліметтерді жинақтауга, жасауға кіріседі және қорытындысы бойынша:

"қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар материалдар мен геодезиялық деректерді алуға жүгінген кезде "қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар жоспарланған жұмыс участкеріндегі жергілікті жердің геодезиялық және картографиялық зерттелгендігі туралы мәліметтерді (бұдан әрі – мәліметтер);

ашық пайдаланылатын материалдар мен геодезиялық деректерді алуға жүгінген кезде мәліметтер беруді қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға сұратылған мәліметтердің дайындығы және алу орны туралы хабарлама жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде, мәліметтердің дайындығы және алу орны туралы хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушыға дайын мәліметтерді беру жеке куәлігін не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты және (немесе) өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхатты ұсыну бойынша көрсетілетін қызметті беруші Қор арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 14.07.2023 № 268/НҚ (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ақпараттық жүйеге енгізуі қамтамасыз етеді.

4-тaraу. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

21. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғага беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түсken күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түсken көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарайтын органның атына келіп түсken көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ұлттық кеңістіктік деректер

корының мәліметтерін

калыптастыру, жинау,

сақтау, пайдалану және беру

қағидаларына

1-қосымша

Ұлттық кеңістіктер қорының құрамына енгізілетін материалдар мен деректердің тізбесі

1. Топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды орындауға арналған техникалық жобалар.

2. Мемлекеттік нивелирлік желілерді, барлық сыныптар мен разрядтардағы геодезиялық желілерді, гравиметриялық іргелі және бірінші сыныпты желілерді жасау, дамыту және жұмыс істеу жағдайында ұстап тұру жөніндегі техникалық есептер, координаттар мен биіктіктердің каталогтары және басқа да материалдар мен деректер.

3. Геодезиялық және картографиялық қызметті қамтамасыз ету мақсатында Жерді қашықтықтан зондтаудың (аэрофототүсірілімдер мен ғарыштық түсірілімдер) бастапқы және туынды материалдары мен деректері, аэрофототүсірілімдердің паспорттары, арнайы аспаптардың деректері, түсірілімдерді картографиялық байланыстырудың схемалары.

4. Геодезиялық, гравиметриялық, ғарыштық өлшемдер базасында геодинамикалық зерттеулердің материалдары мен деректері.

5. Жергілікті жердің, оның ішінде теңіздер, көлдер, өзендер мен су қоймалары қайрандарының топографиялық түсірілімдер бойынша техникалық есептері (ауқымы 1:2 000 және кіші).

6. Мемлекеттік топографиялық карталардың, оның ішінде теңіздер, көлдер, өзендер, су қоймалары қайрандарының карталарының, қалалар мен елді мекендердің жоспарларының (ауқымы 1:2 000 және кіші) графикалық, цифрлық, фотосуреттік, электрондық нысандардағы түпнұсқалары мен көшірмелері, сондай-ақ көрсетілген карталар мен жоспарлардың таралымдық бедерлемелері.

7. Жалпымемлекеттік және салааралық мақсаттағы жалпыгеографиялық, саяси-әкімшілік, ғылыми-әкімшілік, ғылыми-анықтама және басқа да тақырыптық карталар мен атластардың, оқу картографиялық құралдардың түпнұсқалары, туынды өнім жасау үшін негіз болып табылатын картографиялық материалдардың таралымдық бедерлемелері.

8. Құжаттамасы бар кезекші (анықтамалық) топографиялық карталар, оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы мен әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекараларын және шетел мемлекеттерінің шекараларын белгілеу жөніндегі материалдар.

9. Географиялық атаулардың мемлекеттік каталогы және олардың негізгі материалдары, Қазақстан Республикасының, шетел мемлекеттерінің аумақтарындағы, материктер мен мұхиттардағы географиялық объектілер атауларының сөздіктері мен анықтамалықтары.

10. Геодезиялық және картографиялық қызмет, архив ісі, құпиялылық режимі саласындағы нормативтік-техникалық құжаттар.

Ұлттық кеңістіктік деректер
 қорының мәліметтерін
 қалыптастыру, жинау, сақтау,
 пайдалану және беру
 қағидаларына
 2-қосымша
 Нысан

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 14.07.2023 № 268/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	<p>"Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілеріне жұмыс жоспарланған участкеріндегі жергілікті жерлердің геодезиялық және картографиялық зерттелгендігі туралы мәліметтер беру"</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар материалдар мен геодезиялық деректерді алу; 2. Ашық пайдаланылатын материалдар мен геодезиялық деректерді алу.
2	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	<p>Қазакстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Геодезия және картография комитетінің "Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)</p>
3	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	<p>Отінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті беруші: "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар материалдар мен геодезиялық деректерді алушы; 2) "Электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырады;

		Ашық пайдаланылатын материалдар мен геодезиялық деректерді алууды жүзеге асырады.
4	Мемлекеттік қызмет көрсетеу мерзімі	(15) он бес жұмыс күні
5	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нысаны	<p>Қағаз түрінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар материалдар мен геодезиялық деректерді алу; Электрондық (толық автоматтандырылған): <ol style="list-style-type: none"> Ашық пайдаланылатын материалдар мен геодезиялық деректерді алу.
6	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесі	<p>1) "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар материалдар мен геодезиялық деректерді алуға жүгінген кезде: қызмет бабында пайдалану үшін деген белгісі бар жоспарланған жұмыс участкеріндегі жергілікті жерлердің геодезиялық және картографиялық зерттелгендігі туралы мәліметтер (бұдан әрі – мәліметтер) не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде ("Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен).</p> <p>2) ашық пайдаланылатын материалдар мен геодезиялық деректерді алуға жүгінген кезде: мәліметтер немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.</p>
7	Мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Қордың мәліметтерін ұсыну бойынша көрсетіletіn қызметтердің бағасы осы Қагидаларға 3-қосымшага сәйкес есептеледі.
		1) көрсетіletіn қызметті берушінің жұмыс кестесі –

Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден бастап 17.30-ға дейін белгіленеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетуіз кезек тәртібінде көрсетіледі; 2) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Мерекелер туралы заңының 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: 1) уәкілдепті органның www.gov.kz/mem leke t/ ent itie s/ mdai

интернет-ресурсында; 2) порталда орналастырылған.

Мемлекеттік қызметті берушіге: 1) "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар материалдар мен геодезиялық деректерді алу үшін: "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар материалдар мен геодезиялық деректерді алуға арналған өтініш;

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

көрсетілетін қызметтерге акы төленгені туралы төлем құжаты (түбіртек);

Порталда:

2) ашық пайдаланылатын материалдар мен геодезиялық деректерді алу үшін:

ашық пайдаланудағы материалдар мен геодезиялық деректерді алуға арналған электрондық өтініш; жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді тіркеу туралы мәліметтер не дара кәсіпкер ретінде қызметін бастағаны туралы төлемді растайтын құжаттарды ("электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭYTШ) арқылы төлөген жағдайда) көрсетіletіn қызметті беруші ЭYTШ арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздемелер

1) көрсетіletіn қызметті алушының мемлекеттік көрсетіletіn қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

2) көрсетіletіn қызметті алушыга қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетіletіn қызметті аруды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

3) көрсетіletіn қызметті алушыга қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетіletіn қызметті алушының мемлекеттік көрсетіletіn қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айрылуы;

4) көрсетіletіn қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етіletіn, "Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес беріletіn қолжетімділігі

		шектеулі дербес деректерге кол жеткізуге келісімінің болмауы.
11	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескерілген езге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушы ашық пайдаланудағы мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтінішті электрондық нысанда портал арқылы жібереді.</p> <p>"Қызмет бабында пайдалану үшін " деген белгісі бар мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағаз нысанда ұсынылады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ашық пайдаланудағы мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.</p> <p>Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.</p>

Ұлттық кеңістіктік деректер
қорының мәліметтерін ұсыну бойынша көрсетілетін
қызметтердің бағасы

Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін ұсыну бойынша көрсетілетін қызметтердің бағасы

Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін ұсыну бойынша көрсетілетін қызметтердің бағасы тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне (бұдан әрі – АЕК) сүйене отырып есептеледі:

P/c №	Қызмет атауы	Өлшем бірлігі	Бірлік құны, АЕК
1	2	3	4
Геодезиялық материалдар мен деректерді ұсыну жөніндегі қызметтер			
1	МГЖ тармақтарының координаттары туралы мәліметтерді ұсыну	пункт	0,2
2	МГЖ тармақтарының координаттары туралы мәліметтерді ұсыну координаттарды бір жүйеден екіншісіне қайта есептеу	пункт	0,2
3	МГЖ тармақтарының координаттары туралы мәліметтерді СК42-ден		1,2

	кайта есептей отырып ұсыну	пункт	
4	МГЖ пункттерінің биіктігі туралы мәліметтерді ұсыну	пункт	0,4
5	МНЖ пункттерінің орналасқан жерін сипаттай отырып, олардың биіктігі туралы мәліметтер беру	пункт	0,6

Картографиялық материалдар мен деректерді ұсыну жөніндегі қызметтер

6	Картографиялық өнімді таңдау	парап	0,1
7	Картографиялық өнімді сканерлеу A0	парап	1,5
	A1	парап	0,7
	A2	парап	0,4
8	Картографиялық материалды түрлендіру A0	парап	1,9
	A1	парап	1,3
	A2	парап	0,6
9	Картографиялық өнімді плоттерлік басып шығару A0	парап	1,8
	A1	парап	0,9
	A2	парап	0,4
10	Картографиялық өнімдерді шығару (4-түрлі-түсті басып шығару)	парап	1,4
11	Картографиялық өнімдерді шығару (репликация 5-түрлі-түсті басып шығару)	парап	1,7
12	Картографиялық өнімдерді шығару (екі жақты 4 түрлі-түсті басып шығару)	парап	2,6
13	Картографиялық өнімді монтаждау	парап	0,2
14	Картографиялық өнімді кұрастыру, бұктеу	100 парап	0,1
15	Картографиялық өнімді ламинаттау	ш.м.	0,4
16	Картографиялық өнімді CD-дискіге жазу	парап	0,5

17	Картографиялық өнімді түптеу, брошюралуа (кітап катты түптеу)		0,5
18	Картографиялық өнімді түптеу, брошюралуа (кітап жұмсақ түптеу)		0,4
Жерді қашықтықтан зондтау материалдары мен деректерін ұсыну жөніндегі қызметтер			
19	Ортофотожоспарларды ұсыну өте жоғары ажыратымдылық (АФТ)	НЛ	1,8
20	Қайта жобалаумен ж о f а р ы ажыратымдылықтағы ортофотожоспарларды ұсыну (Фарыштық сурет)	НЛ	2,0
21	РЦМ ұсыну	НЛ	2,1

Ұлттық кеңістіктік деректер
корының мәліметтерін
калыптастыру, жинау, сактау,
пайдалану және беру
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі Геодезия және
картография комитетінің
"Ұлттық геодезия және
кеңістіктік ақпарат орталығы"
шаруашылық жүргізу
күкүйіндағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының
директоры

(аты, әкесінің аты (бар болса)
тегі)

жеке тұлғаның аты, әкесінің аты
(бар болса) тегі немесе занды
тұлғаның толық атауы)

(жеке сәйкестендіру
нөмірі/бизнес-сәйкестендіру
нөмірі), мекенжайы,
байланыс телефоны (бар болса)

**"Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар материалдар мен геодезиялық
деректерді алуға арналған өтініш**

Жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса) тегі не занды тұлғаның толық атауы)

Ведомствоның және мемлекеттік тиесілігі, азаматтығы (жеке тұлғаның):

Сұралып отырған "қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар мәліметтер мен материалдардың тізбесі:

Мәліметтерді берудің қажеттілігі мен орындылығының негіздемесі

Жергілікті жердің геодезиялық және картографиялық зерделенгендігі туралы мәліметтер бергені үшін көрсетілетін қызметтерге акы төлеуге хабарлама алатын мекенжай:

(пошта мекенжайы, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы)

Күні _____ Өтініш беруші _____

жеке тұлғаның немесе занды тұлғаның уәкілетті өкілінің аты, әкесінің аты (бар болса)

тегі, қолы, мөрі (бар болса)

Ұлттық кеңістіктік деректер
корының мәліметтерін
қалыптастыру, жинау, сактау,
пайдалану және беру

қағидаларына
5-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі Геодезия және
картография комитетінің
"Ұлттық геодезия және
кеңістіктік ақпарат орталығы"
шаруашылық жүргізу
құқықындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының
директоры

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)

жеке тұлғаның аты, әкесінің аты
(бар болса) немесе занды
тұлғаның толық атауы)

(жеке сәйкестендіру

нөмірі/бизнес-сайкестендіру
нөмірі), мекенжайы, байланыс
телефоны (бар болса)

"Құпия" грифі бар материалдар мен геодезиялық деректерді алуға арналған өтініш

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 14.07.2023 № 268/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұлттық кеңістіктік деректер
корының мәліметтерін
қалыптастыру, жинау, сактау,
пайдалану және беру
қағидаларына
6-қосымша





Нысан
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі Геодезия және
картография комитетінің
"Ұлттық геодезия және
кеңістіктік ақпарат орталығы"
шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының
директоры
_(аты, әкесінің аты (бар
болса) тегі) _____
жеке тұлғаның аты, әкесінің аты
(бар болса) немесе занды
тұлғаның толық атауы

Ашық пайдаланудағы материалдар мен геодезиялық деректерді алуға арналған өтініш

Алу жоспарланып отырған мәліметтердің тізбесі және олардың саны:

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

[Жасалған күні]
[Кол қоюшының аты, әкесінің
аты (бар болса), тегі]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи»
равнозначен документу на бумажном носителе.

Ұлттық кеңістіктік деректер
корының мәліметтерін
калыптастыру, жинау, сактау,
пайдалану және беру
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Казақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Геодезия және картография комитеті "Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны		Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан Комитет геодезии и картографии Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения "Национальный центр геодезии и пространственной информации"
--	---	---

Жеке тұлғаның аты, әкесінің аты
(бар болса), тегі не занды
тұлғаның толық атауы

Дәлелді бас тарту


Нөмірі _____ 20__ жылғы "___" ____

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Геодезия және картография комитетінің "Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Сіздің 20__ жылғы "___" ____ № _____ өтінішіндегі қарап, мынадай себептермен мәліметтерді беруден бас тартады:

[Дәлелді бас тартудың себебі]

[Кол қоюшының лауазымы]

[Кол қоюшының аты, әкесінің
аты (бар болса), тегі]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи»
равнозначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің м.а.
2023 жылғы 31 наурыздағы
№ 130/НҚ бұйрығына
қосымша

Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының құжаттарын қалыптастыру, жинау, сақтау, пайдалану және беру қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 164 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудегі тізілімінде № 10137 болып тіркелген).

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының құжаттарын қалыптастыру, жинау, сақтау және пайдалану қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 164 бұйрығына өзгерістер енгізу және геодезия және картография саласындағы кейбір бұйрықтардың құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 187/НҚ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудегі тізілімінде № 20654 болып тіркелді).

3. "Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының құжаттарын қалыптастыру, жинау, сақтау, пайдалану және беру қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 164 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 23 мамырдағы № 178/НҚ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудегі тізілімінде № 28235 болып тіркелген).

4. "Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының құжаттарын қалыптастыру, жинау, сақтау, пайдалану және беру қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 23

желтоқсандағы № 164 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 332/НҚ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудегі тізілімінде № 29790 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК